

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 мамырдағы N 419

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар, бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1992 жылғы 2 желтоқсандағы, 1993 жылғы 29 наурыздағы, 1994 жылғы 3 маусымдағы N Ф 22-3/38, 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф 22-3/40, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф 22-3/5, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 0000013 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) білдірген Қазақстан Республикасы Үкіметі және Австрия Федералдық Қаржы министрлігі арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге өзгерістерге сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1,2-қосымшалар), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде т о л е й т і н б о л с ы н ;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 8 мамырдағы
N 419 Қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі
бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша
мерзімі өткен төлемдерді өтеу
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем	Төлем	Төлем	Негізгі
валютасы	уақыты	сомасы		борыш

Германия несие желісі

"Казжелдорснаб" МК	DM	01.04.98 ж.	3 719 485,15	2 450 361,34
"Казжелдорснаб" МК	DM	01.04.98 ж.	6 732 367,77	4 900 722,67
"Актурбо" АҚ	USD	30.12.97 ж.	16 158,82	

Франция несие желісі

"Тағам" АҚ	FRF	11.02.98 ж.	42 028,03	
Барлығы	USD		16 158,82	0,00
	DM		10 451 852,92	7 351 084,01
	FRF		42 028,03	0,00

Проценттер | Басқалары

1 269 123,81|
1 831 645,10|
| 16 158,82

| 42 028,03
0,00| 16 158,82

3 100 768,91| 0,00
0,00| 42 028,03

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 8 мамырдағы
N 419 Қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі
бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша
алдағы төлемдерді өтеу
СОМАСЫ

Заемшы ұйым | Төлем | Төлем | Төлем | Негізгі
|валютасы| уақыты | сомасы | борыш

Германия несие желісі

"Казжелдорснаб" МК| DM |01.05.98 ж.| 2 898 629,53|2 199 252,09
"Казжелдорснаб" МК| DM |01.05.98 ж.| 1 557 700,02|1 099 626,05

Канада несие желісі

"Конденсат" АБК | USD |15.05.98 ж.| 1 871 485,63|1 291 666,63

Израиль несие желісі

"Конденсат" АБК | USD |01.05.98 ж.| 1 312 458,98| 962 500,00

Австрия несие желісі

"Фосфор" ОБ | USD |22.05.98 ж.| 532 192,21| 532 192,21

Жапония несие желісі

Кармет комбинат | JPY |03.05.98 ж.|333 129 220,00|285 313 185,00
Барлығы | DM | | 4 465 329,55| 3 298 878,14

USD	3 716 136,82	2 786 358,84
JPY	333 129 220,00	285 313 185,00

Проценттер | Басқалары

699 377,44 |
458 073,97 |

579 819,00 |

349 958,98 |

|

47 816 035,00|
1 157 451,41|
929 777,98|
47 816 035,00|
